

№27 (20 944)
9 шілде,
2026 жыл, бейсенбі



Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau_gazeti@mail.ru
- Атырау газети
- www.atr.kz
- «Атырау» газети
- atyrau_gazeti
- Атырау_news
- Атырау жаңалықтары

*Экология

Кәрі Каспий. Күрделі мәселе.

БҮГІНДЕ КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТАҒДЫРЫ – ЭКОЛОГ-ҒАЛЫМДАРМЕН ҚАТАР, ОСЫ ӨҢІРДЕ ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАН ӘРБІР АЗАМАТТЫ ТОЛҒАНДЫРЫП ОТЫРҒАН МӘСЕЛЕ. СЕБЕБІ ТЕҢІЗДІҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ – ЕРТЕҢГІ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ, ТАБИҒИ БАЙЛЫҚТЫҢ, ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫ МЕН КЕЛЕР ҰРПАҚҚА ҚАЛАТЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ДА ТАҒДЫРЫН АЙҚЫНДАЙДЫ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДЫ ТЕҢІЗ ДЕНГЕЙІНІҢ ӨЗГЕРУІ, ӨЗЕН-КӨЛДІҢ ТАЙЫЗДАНУЫ, ТАБИҒИ УЫЛДЫРЫҚ ШАШУ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ТАРЫЛУЫ, БАЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ КҮРТ ТӨМЕНДЕУІ, ҚАМЫС АЛҚАПТАРЫНЫҢ ӨРТЕНУІ МЕН БАТПАҚТАНУДЫҢ КҮШЕЮІ ҚОҒАМДА АЛАНДАУШЫЛЫҚ ТУҒЫЗЫП ОТЫР. БҰЛ ҚҰБЫЛИСТАРДЫҢ ҚАЙСЫСЫ СЕБЕП, ҚАЙСЫСЫ САЛДАР ЕКЕНІ ЖӨНІНДЕ ӘРТҮРЛІ ПІКІРЛЕР АЙТЫЛҒАНЫМЕН, БҮГІНГЕ ДЕЙІН НАҚТЫ ҒЫЛЫМИ ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАЛҒАН ЖОҚ.

(Толығырақ 5-бетте)



Сурет интернет желісінен алынды

*Бақылау

Дәріні енді қымбатқа сата алмайды

ЕНДІ ДӘРІХАНАДА ДӘРІ-ДӨРМЕК БЕЛГІЛЕНГЕН ШЕКТІ БАҒАДАН ЖОҒАРЫ САТЫЛСА, ТҰРғындар DARIKZ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ТАУАРЛЫҚ ЧЕК ПЕН ДӘРІ ҚАПТАМАСЫНЫҢ ФОТОСЫН ТІРКЕП, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРАЛП МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ӨТІНІШ ЖОЛДАЙ АЛАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР DARIKZ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНҒАННАН КЕЙІН ТҮЙІНДІ АҒАН ЖАҒЫМСЫЗ ӨСЕРЛЕР ТҮРАЛЫ ДА ХАБАРЛАУҒА БОЛАДЫ.

(Соңы 2-бетте)

*Кәсіпкерлік

«Мәселе төлемнің кешігуінде емес!..»



Сурет интернет желісінен алынды

(Толығырақ 7-бетте)

*Астана күніне тарту

ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯНЫҢ ҮЗДІК ҮЛГІЛЕРІН ДӘРІПТЕГЕН «АСТАНА БАЛЕТ» ТЕАТРЫ АТЫРАУ ЖҰРТШЫЛЫҒЫНА «ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ» КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ҰСЫНДЫ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРАЛІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ГАСТРОЛЬДІК САПАР АЯСЫНДА ӨТКЕН КЕШТЕ КӨРЕРМЕНДЕР ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЙ МӘДЕНИЕТІ МЕН РУХАНИ МҰРАСЫН ЗАМАНАУИ БИ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ТАМАШАЛАП, ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ЖАҢА ҚЫРЫН ТАНЫДЫ.

Еліміздің жетекші театрларының бірі саналатын ұжым Атырауға гастрольдік сапармен келіп, ұлттық хореографияның үздік үлгілерін сахналады. Айтпақшы, бұл театрдың Атырауға екінші рет келуі. Бұған дейін ұжым 2020 жылы гастрольдік сапармен келгенімен, пандемияға байланысты жоспарланған бағдарламаны толық аяқтау мүмкін болмаған еді.

– Батыс өңірінің өнерге бай мекен екенін жақсы білеміз. «Ұлы дала мұрасы» – театрымыздың беткеуістар бағдарламаларының бірі. Оның негізгі мақсаты – ұлттық би өнерін, қазақтың күйі мен домбырасының құндылығын дәріптеу. Қазақ композиторларының күйлеріне

Ұлы Дала мұрасы



қойылған билер мен ұлттық ою-өрнекке бай сахналық костюмдер арқылы көрерменге ұлттық өнердің терең мәнін жеткізуге ұмтылды. Қойылым кәсіби мамандардың еңбегімен сахналанды және қай жерде қойылса да көрерменнің жоғары бағасына ие болып келеді, - деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ұлы дала мұрасы» концерттік бағдарламасының қоюшы балетмейстері Айгүл Тәті.

«Ұлы Дала мұрасы» концерттік бағдарламасы қазақ халқының мәдениеті мен рухани құндылықтарын заманауи би тілі арқылы көркем жеткізетін қойылым ретінде ұсынылды. Бағдарламада ұлттық

би дәстүрі, этнографиялық элементтер мен сахналық шешімдер үйлесім тауып, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Театрдың көркемдік жетекшісі Нұрлан Канетовтің айтуынша, бұл бағдарлама ұжым репертуарындағы ең маңызды туындылардың бірі саналады.

– Батыс Қазақстан көрерменіне шығармашылығымызды көрсету – біз үшін үлкен мәртебе. «Ұлы Дала мұрасы» бағдарламасы арқылы ұлттық мәдениетіміздің байлығы мен қазақ даласының рухын паш еткіміз келді. Атырау көрермені қойылымды жоғары бағалады, - деді ол.

Театрдың тұрақты көрермендерінің бірі Рая Кенжеғалиеваның айтуынша, балет өнері адамға ерекше эстетикалық әсер сыйлап, рухани байытады.

– Бүгін қыздарыммен бірге «Астана Балет» театрының қойылымын тамашалауға келдік. Осындай өнер ұжымдарының халқымыздың мәдениетін насихаттап, ұлттық құндылықтарды дәріптеп жүргені қуантады. Қаламызда балет театры болмаса да, өзге қалаларға барған сайын міндетті түрде балет қойылымдарын көремін. Мен үшін бұл – ерекше әсер сыйлайтын, рухани байытатын әрі үлкен эстетикалық

құндылығы бар өнер, - дейді көрермен.

Осылайша «Астана Балет» театрының гастрольдік концерті атыраулық көрерменге ұлттық хореографияның көркемдігін, қазақтың рухани мұрасы мен мәдениетінің тереңдігін тағы бір мәрте танытты.

Кеш барысында Атырау жұртшылығы әр қойылымды ыстық ықыласпен қабылдап, өнерпаздарды ұзақ уақыт қол соғып, қошеметке бөледі. Әсем хореография, ұлттық нақыштағы костюмдер мен сахналық шешімдер көпшіліктің ерекше ықыласына ие болды.

Іскәр ЖҰМАҚҰЛ

*Көмек



Жол бойында бала жүр

АТЫРАУДА КІШКЕНТАЙ БАЛАНЫ ДЕР КЕЗІНДЕ БАЙҚАП, ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛҒАН 38 ЖАСАҒЫ ДАСТАН БОЗАЕВҚА ОБЛЫСТЫҚ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫ АЛҒЫС БІЛДІРДІ.

Әлеуметтік желілерде тараған видео-да кішкентай баланың үлкен жолға шауып шыққаны көрсетілген. Жүйткіп келе жатқан көліктер ақырғы сәтте ғана тежегіштерін басып үлгеріп жатады. Сондай сәтте әңгіме кейіпкері баланы қауіпсіз жерге шығарып, оның ата-анасын іздестіруге көмектеседі. Аз уақыттың ішінде бала ата-анасына аман-есен табысталды.

Мұндай игі әрекет – қоғамдағы өзара жанашырлықтың, жауапкершілік пен адамгершілік құндылықтарының жарқын көрінісі. Қауіптің алдын алу кейде бір ғана бейжай қарамаған жанның әрекетінен басталады.

Бек АЙДАРӘЛІ